


Зоология ғылымының даму тарихы





Зоология - жануарлар туралы ғылым (zoo- грек тілінен аударғанда жануар дегенді білдіреді, logos-ілім). Ол тірі табиғатты зерттейтін биология (bios-өмір) ғылымының бір саласы.



Зоологияның ғылыми негізін алғаш рет қалаған ежелгі грек ойшылы **Аристотель** болды (б.э.д. 384-322 жж.). "**Жануарлар тарихы**", "**Жануарлар бөлімдері туралы**", "**Жануарлардың пайда болуы**" деген еңбектерінде 454 түрлі жануарды зерттеп, сипаттаған. Салыстырмалы-анатомиялық сипаттамалармен қатар Аристотель еңбектерінде жануарлардың жыныстық ерекшеліктері, көбеюі, балықтар, құстар, сүтқоректілердің эмбриональдық дамуы, бунақденелілердің метаморфозы туралы мәліметтер бар. Аристотель жануарлардың екі топқа бөлді:

- 1) қаны бар жануарлар;
- 2) қаны жоқ жануарлар.

XVI-XVII ғасырларда жануарлар мен өсімдіктер туралы негізгі түсініктер қалыптаса бастады.


XVII ғасырдың аяғында және XVIII ғасырдың бірінші жартысында жануарлар мен өсімдіктердің нағыз ғылыми классификациясының жасаған швед ғалымы **Карл Линней** (1707-1778) болды. Ең кіші бірлікті түр деп атап, ұқсас түрлерді - туысқа, туыстарды - отрядтарға, ал отрядтарды - класқа біріктірді. Жануарлардың 4200 түрін зерттеп оларды 6 класқа бөлді.

«Түр өзгермейді, жаратушы қанша түр жаратса, сонша түр тіршілік етеді» деген ұғымда болған. «Табиғат жүйесі» (1735) еңбегі жарық көрді.





Линнейден кейінгі жануарлар систематикасына үлкен үлес қосқан ғылым **Ж.Б.Ламарк** (1744-1829) болды «**Зоология философиясы**» (1809) . Ол Аристотельдің жануарларды бөлген екі үлкен тобын құптап, омыртқалылар және омыртқасыздар деген атаулар берді. Барлық омыртқасыздарды Ламарк 10 класқа топтастырды.





Теодор Шванн




Матиас Шлейден

1839 жылы Т.Г.Шванн мен Шлейден цитогенезис теориясын ұсынса, 1845ж. Зибольд біржасушалы жануарларды жеке қарапайымдылар типіне жатқызды.

Ж.Б. Ламарк сыртқы ортаның жағдайлары жануарларда өзгерістер туғыза отырып, олардың қалай, қандай деңгейде әсер ететінін дәлелдей алмады.

Зоологияның және барлық биология ғылымдарының дамуындағы жаңа кезең XIX ғасырдың екінші жартысында ағылшын ғалымы **Ч.Дарвиннің** (1809-1882) еңбектерінен кейін ғана басталады.

- «Табиғи сұрыпталу жолымен түрлердің пайда болуы немесе тіршілік үшін күресте қолайлы жағдайға ұшыраған тұқымдардың сақталуы» (1859) деген ғылыми еңбегімен жалпы биология ғылымдарында нағыз революциялық төңкеріс жасады.



Назарларыңызға рахмет